

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
- Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
- Римантас Желвис (Želvy's Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
- Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
- Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

- Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*
- Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*
- Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*
- Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*
- Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*
- Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*
- Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*
- Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*
- Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*
- Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*
- Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*
- Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*
- Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*
- Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*
- Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*
- Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*
- Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*
- Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*
- Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*
- Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*
- Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*
- Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*
- Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20.

ҚАЗІРГІ ГЕОСАЯСИ ҮДЕРІСТЕР АУҚЫМЫНДАҒЫ

Исова Л.¹, Апсаттарова Г.²

¹ Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

² «Аймақтану» мамандығының магистрі, Казахский национальный университет им. әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада Қазақстан мен Иран қарым-қатынастарының даму үдерісіне баға беріп, қазіргі кезде халықаралық қатынастарда орын алып жатқан оқиғалардың, екіжақты қарым-қатынастарға тигізер әсері туралы баяндалған. Қазақстан мен Иран қарым-қатынастарының тарихи сипатқа ие екендігін айтып, екі ел арасындағы ортақ ұстаным, өзара ортақ мүдденің маңыздылығын ашып көрсетеді. Екі ел қарым-қатынасының даму болашағына баға бере отырып, ең алдымен сыртқы факторлардың әсеріне тоқталған. Атап айтқанда, АҚШ пен Иран арасындағы қақтығыстың Қазақстан мен Иран қарым-қатынасының даму болашағына кері әсерін тигізетіндігін болжайды. Қазіргі кездегі халықаралық қатынастарда орын алған оқиғалардан дерек келтіріп, жаңа жағдайдағы Қазақстан мен Иран қарым-қатынасына талдау жасалған.

Түйін сөздер: сыртқы саясат, халықаралық ұйымдар, геосаясат, санкция, келіссөз, даму, Иран Ислам Республикасы, Қазақстан Республикасы, қақтығыс, АҚШ

ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И ИРАНА В РАМКАХ СОВРЕМЕННЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ

Исова Л.¹, Апсаттарова Г.²

¹ Кандидат исторических наук, доцент.

² Магистр по специальности «Регионоведение»,

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, кафедра международных отношений и мировой экономики, Казахстан, г. Алматы

Аннотация. *Введение.* В статье дана оценка процессу развития казахстанско-иранских отношений, а также говорится о влиянии событий, происходящих в настоящее время в международных отношениях на двусторонней основе. Казахстанско-иранские отношения имеют исторический характер, раскрывают общую позицию между двумя странами, важность взаимных интересов. Оценивая перспективы развития отношений двух стран, прежде всего, необходимо остановиться на влиянии внешних факторов. В частности, конфликт между США и Ираном негативно сказывается на перспективах развития отношений Казахстана и Ирана. В статье проанализированы отношения Казахстана и Ирана в новых условиях.

Ключевые слова: Республика Казахстан, Исламская Республика Иран, внешняя политика, международные организации, геополитика, конфликт, США, санкции, переговоры, развитие.

RELATIONSHIP BETWEEN KAZAKHSTAN AND IRAN IN THE FRAMEWORK OF MODERN GEOPOLITICAL PROCESSES

Isova L.¹, Apsattarova G.²

¹Candidate of historical Sciences, associate Professor.

²master's degree in «Regional studies».

Al-Farabi Kazakh national University, Department of international relations and world economy. Kazakhstan, Almaty

Abstract. Introduction. The article assesses the process of development of Kazakh-Iranian relations, as well as describes the impact of current events in international relations on bilateral relations. Kazakhstan and Iran's relations have a historical character. They reveal the common position between the two countries and the importance of mutual interests. Assessing the prospects for the development of relations between the two countries, first of all, we focused on the influence of external factors. In particular, the conflict between the US and Iran has a negative impact on the prospects for the development of relations between Kazakhstan and Iran. The article analyzes the relations between Kazakhstan and Iran in the new conditions.

Keywords: Republic of Kazakhstan, Islamic Republic of Iran, foreign policy, international organizations, geopolitics, conflict, USA, sanctions, negotiations, development.

Кіріспе

Иран Қазақстанның стратегиялық аса маңызды халықаралық әріптестерінің бірі болып табылады. Өз кезегінде, Иранның бұрынғы консервативті және қазіргі реформаторлық басшылығы да республикамызды маңызды стратегиялық серіктес ретінде қарастырды. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін бірлесіп шешу, өңірлік кооперация, әлемдік мұхиттағы қазақстандық тауарлардың қысқа және тиімді жолын қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ сауда-экономикалық ынтымақтастық сияқты өмірлік маңызды салалар бойынша, елдер арасындағы ынтымақтастық маңызындылығын толыққанды бағалау күрделі.

Жаңа геосаяси кеңістік қалыптастырған уақыт өлшеміндегі заманауи өзгерістер, ғасырлар тоғысында жаңа, біршама аса маңызды орны бар ирандық сыртқы саяси стратегияның қалыптасуына тұтас әлем елдеріне қатысты маңызды қадам жасатты. Әсіресе, тарихи географиясы жағынан етене жақын Орталық Азия елдеріне, соның ішінде Қазақстанға да көне парсылық жұртпен қайтадан рухани, мәдени, экономикалық қатынас түзудің жаңа геосаясаты мен геостратегиясы, екі жақты қатынасқа да маңызды аспектілерді тудырған еді. Иран билігіндегі президенттер М. Хамами және М. Ахмадинежад кезеңінде де айырықша аталып өтілген иран дипломатиясының бұрынғы мәдени сабақтастыққа негізделген риторикасының, Орталық Азия елдеріне қатысты бағдары ерекше мүдде тұрғысында қолға алынған еді.

Қазақстан мен Иран қатынасының алғашқы қадамдары рухани тарихи жақындыққа негіз болар мүмкіндік ретінде Ирандағы Горган қаласында тұрып жатқан ауқымды қазақ диаспорасына назар салудан бастау алады (BBC Monitoring Central Asia, 2007: 2). Мәдениет аралық диалогтың қалыптасуынан бастау алған екі жақты қатынас достық қатынасты қауымдастық деңгейін негіздеді. Қазақстан аумағында парсы тілін оқыту, қазақстандық жоғары оқу орындарында парсы тілі филологиясы мамандықтарын ашу және Қазақ тарихының парсы деректерін іздеу бағытында мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының орындалуына бірлесе ат салысу және Тегеран кітапханасы, Иран мұрағаттары қорында жұмыс істеу мүмкіндіктерін тудырды (ОИКС Алматы, 2019: 2). Парсы мәдениетіндегі ортақ тарихты жаңарту ғылымдағы парсы өркениетіне қатысты жаңаша ғылыми ойды да түзетті. Горганда құрылған қазақ мәдениеті орталығы негізінде осы қалада 2009 жылы Қазақстанның консулдығы ашылады (Iran, Kazakhstan Stress Expansion of Cultural Ties, 2005: 1).

Материалдар мен әдістер

Қазақстан мен Иран қатынастарын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесін, саяси үрдістерді зерттеуде маңызды орын алған шет елдік және отандық ғалымдар мен сарапшылардың еңбектері құрап отыр. Зерттеу барысында мемлекетаралық құжаттарды жинақтау, талдау мен сараптау әдістері пайдаланылды. Оның ішінде халықаралық қатынастарды сараптайтын контент анализ, ивент анализ, салыстырмалы әдіс, жүйелеу әдістері қолданылды. Иран Ислам Республикасы сыртқы саяси ұстанымдарына баға беру, Қазақстан мен Иран қарым-қатынасын сараптауда бақылау әдісі қолданылды. Ішкі және сыртқы саясаттың байланыстылығы, мемлекеттің ішкі әлеуметтік экономикалық модернизациясындағы сыртқы саяси ұстанымдарының трансформациясы қарастырылған. Қазіргі уақыттағы халықаралық қатынастар теориясындағы негізгі парадигмалар мен концепциялар қолданылды.

Талқылау

Зерттеу жұмысының дерекнамалық негізін ИИР мен ҚР саяси басшылары мен дипломаттарының сұхбаттары мен баяндамалары, Иран мен Қазақстанға байланысты жарық көрген мемуарлық әдебиеттер, ирандық, қазақстандық және шетелдік ақпарат құралдарының материалдары, сонымен қатар қазақ, орыс, парсы тіліндегі мерзімдік басылымдар құрады. Мұндай деректердің қатарына республикалық қоғамдық-саяси газет-журналдар мен ғылыми жинақтар кірген. Соның ішінде ирандық БАҚ пен ғылыми басылымдарының құндылығын ерекше атап өтуге болады. Тақырыпқа қатысты ирандық зерттеуші ғалымдар К. Элахи, А. Ибрахими, М. Ширазиды және т.б. атап өтуге болады. Олар «Iran and Kazakhstan Relations: A Geopolitical Analysis» атты мақалаларында Қазақстанның мұнай экспорттау үшін Иранның территориалды тиімді орналасуын ескере отырып, өнеркәсіп пен сауда-саттық салаларында Қазақстан мен Иран қарым-қатынастарының жаңа мүмкіншіліктерін ұсынады. Сонымен қатар, мақалада Иранның Қазақстанға қатысты геосаяси ұстанымдарына терең талдау жасалған.

Қазақстандық зерттеулер негізінен Иран Ислам Республикасының 1991-2017 жылдар аралығындағы сыртқы саясатына мән береді. Оның ішінде ИИР Каспий мәселесіне байланысты саясаты қазақстандық зерттеушілер Б.К. Сұлтанов, С.К. Көшкінбаев, А. Нұрша, М. Әбішева еңбектерін атап өткен жөн. Аталған зерттеу еңбектері мен мақалаларында тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты мен әлемнің әр аймағындағы мемлекеттермен қарым-қатынасы, басымдықтары мен өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Таяу Шығыс Институтының ғалымы Зубаир Эқбал «Iran's Post-Sanctions Economic Options» тақырыбындағы мақаласында (Zubair, 2016:9) Иран Ислам Республикасының санкция құрсауынан шыққаннан кейінгі бағыт-бағдарын, елдің экономикалық өсімі мен аймақтағы тұрақтылық қамтамасыз ететін стратегиясын қарастырған. Иранның аймақтағы экономикалық ұстанымы мен елдегі экономикалық басымдықтар жайлы сөз қозғаған.

Сонымен бірге Ресей зерттеушілері ИИР-дың Кавказбен Орталық Азиядағы саясатын терең зерттеуде. Бұл мәселеге байланысты Д. Малышеваның пікірі бойынша, Иран Орталық Азия мен Кавказда аймақтық көшбасшылыққа ұмтылуда (Малышева, 2016: 188).

Нәтижелер

Қазақстан тәуелсіз ел болып қалыптасқаннан бері, әлемнің көптеген мемлекеттерімен тұрақты достық қарым-қатынас орнатты. Олардың арасында Таяу және Орта Шығыс елдерімен, атап айтқанда өркениетті, экономикалық және саяси байланыстары бар Иран ерекше орын алады. Қазақ және Иран халқының тілінде, ділінде көптеген ұқсастықтар бар. Орта ғасырларда ислам мен Ұлы Жібек жолы көрші халықтардың өзара тиімді мәдени, сауда-экономикалық және рухани

қарым-қатынастарын одан әрі нығайтқан болатын. Иран, Орта Азия және Қазақстан Шығыс пен Батыс арасындағы байланыстырушы буын болды.

Иран Ислам Республикасы мен Қазақстан Республикасы достық және бейбіт көршілік қарым-қатынасты дамытуға саяси еркін және өзара қызығушылық көзқарас танытты. Оған ресми дипломатиялық қарым-қатынас орнатылғаннан бастап қабылданған 60-тан астам құжаттардан тұратын келісімдік-құқықтық құжаттар базасы дәлел бола алады. Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасының ресми дипломатиялық қарым-қатынасы үлкен қалыптасу және даму кезеңінен өтіп, биылғы жылы екіжақты ынтымақтастық пен әріптестікке 25 жыл толды. Иран ең алғашқылардың бірі болып Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін таныды. Екі елдің саяси тарихы да, мәдени даралығы да екі бөлек қалыптасқанымен, Орта Азия аймағындағы тығыз экономикалық байланыс орнатқан жақын әріптестерге айналды. Екі елдің мемлекеттік құрылымы, сыртқы саяси ұстанымдары, діни-идеологиялық бағыттағы айырмашылықтарына қарамастан, нарықтық қоғамның заңдылығына сәйкес тиімді байланыс орната білді.

Біріншіден, қазіргі Қазақстан мен Иран қарым-қатынасын үлгілік модель ретінде қарастыруға болады. Ол туралы ИИР Президенті Х. Руханимен кездесуінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өткені белгілі. Иранның Астананың 2017-2018 жылдардағы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне тұрақты емес мүшелігіне үміткерлігін, сонымен қоса 2017 жылы Астана қаласында «ЭКСПО2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің өтуіне қолдау көрсетуі және Ислам ынтымақтастық ұйымының Азық-түлік қауіпсіздігі бойынша Астанадағы штаб-пәтері туралы Жарғысына қол қоюы осыған дәлел болады. Яғни, халықаралық аренада қос мемлекет өзара бастамаларға тұрақты қолдау көрсетіп отырады және өзінің мемлекеттік мүддесі тұрғысынан да қарастырады.

Екіншіден, қос мемлекет аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ықпал етіп отыр. Осы орайда Қазақстан тарапының халықаралық мәселелерді шешудегі мәмілегерлік, бітімгерлік, шебер дипломатиялық үлесін айту қажет.

Атап айтқанда, Сириядағы қақтығыстарды реттеу бойынша үкімет пен оппозициялық топтарының кездесуіне Астана өз алаңын ұсынды. Бұны бір жағынан Қазақстанның халықаралық беделін мойындау ретінде қарастырамыз. «Астана процесін» Қазақстан мен Иран қатынастарының жаңа кезеңі деп қарастыруға болады. Өйткені, өзара сенім мен ықпалдастық қатынастар осыдан кейін жаңа сапалы деңгейге көтерілді.

Үшіншіден, Қазақстан Иран мен Е3+3 арасындағы ядролық бағдарлама бойынша келіссөздердің сәтті аяқталуына да өз ықпалын тигізді. Бұл ҚР тәуелсіздігі кезіндегі ең сәтті халықаралық миссиясы болды деп бағалануда. Қазақстанның ядролық таратпау жөніндегі бастамашы ретінде Иранның ядролық қаруға байланысты мәселеге араласуы, оның Вена келісімшартын жүзеге асырудағы рөлін күшейтті.

Каспий теңізінің жағасында орналасқан Иран және Маңғыстау ежелден суда кеме, құрлықта керуен арқылы сауда-саттық жасап, тығыз байланыста болғаны тарихтан белгілі. Маңғыстау байырғы Ұлы Жібек жолындағы ең тиімді орындардың бірі болған. Бүгін де сол ата-бабаларымыз салып кеткен көне жолды жаңғыртуға, ғылым мен техникаға сүйеніп қарым-қатынас желілерін барынша дамытуға, көрші халықтармен байланысымызды неғұрлым жаңа дәуір талабына сай кеңейтуге мүмкіндік ашылып отыр. Бұл жөнінде Президентіміз «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа арнаған Жолдауында да айрықша атап өтті. «Жолдар – Қазақстан үшін өмір желісі. Біздің кең байтақ жерімізде жолдар бойында әркез де өмір пайда болған және дамып отырған» дей келіп Үкіметке елімізде жан-жақпен байланыстыратын көлік желісін салуды тапсырды. Аталмыш еңбектің Маңғыстау аймағы, жалпы қазақ елі тұрғындарына пайдасы тиер тұсты нақты меңзейтін болсақ, онда дәл қазір салынып біткен Жаңаөзен – Қызылқия – Берекет – Этрек – Горган теміржолын тілге тиек ете аламыз.

Бүгінде Иран басшылығы өз елінің транзиттік мүмкіншіліктерін кеңінен пайдалану стратегиясын басшылыққа алуда. Осы транзиттік сыртқы саясатта Қазақстан мен Иранның жаңа ықпалдастығы күшеюде. Сондықтан, Қазақстан мен Иранның қарым-қатынастарын әлемдік саяси экономикалық теориясы тұрғысынан қарастыруға болады (Parker, 2009:19). Жоғарыда келтірілген концепцияларға сүйене отырып, Қазақстан мен Иранның сыртқы саяси бағыттарын, олардың өзара қарым-қатынасының басымдықтарын анықтай аламыз. ИИР-дың Қазақстанға байланысты сыртқы саясаты соңғы онжылдықта түбірімен өзгерді. Бұл өзгерістер ИИР сыртқы саяси ұстанымының трансформациясымен тікелей байланысты.

Қазақстан мен Иранның көптеген мәселелер бойынша ұстанымдары ортақ болып табылады. Бұл тек Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселесінде ғана емес, басқа да аймақтық мәселелерді шешуде көрініс табады. Сонымен қатар, ирандық инвесторлар Қазақстанда бірнеше зауыттар салуға көмектесуде. Мысалы, 2019 жылы Алматы облысында 3,2 млрд теңгелік ет өңдеу кешені іске қосылды. Empire Food кешенінің құрылысы 2016 жылдың қыркүйегінде басталған болатын, ет комбинатының ауданы-6,9 мың шаршы метрді құрайды, 98 орындық жұмыс орны ашылды. Сонымен қатар, 2019 жылы Иран инвестициясымен Түркістан облысында \$10 млн. құрайтын кірпіш зауытының құрылысы басталды (Уостнидж, 2014: 133).

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы көрші мемлекеттер және сындарлы әріптестер ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК), Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы (ИЫҰ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) тағы басқалар сияқты халықаралық және өңірлік алаңдарда табысты ынтымақтастықты дамытуды жалғастыруда. Екіншіден, ИРИ-де біз үшін өте қолайлы имидждік көрініс қалыптасты. Атап айтқанда, Иранның ресми тұлғалары Қазақстан жайлы дағдарыс пен санкциялардың қиын кезеңдерінде де Иранмен байланысын үзбейтінін бірнеше рет мәлімдеген болатын. Сондықтан қазақстандық кәсіпкерлерге барлық деңгейде жылы қабылдау жүргізіліп, олардың жұмысы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалуда.

Сонымен қатар, Қазақстан, Түрікменстан және Иран аумағы арқылы өтетін Жаңаөзен – Қызылқия – Берекет – Этрек – Горган жаңа темір жол желісін пайдалануға беру ерекше маңызға ие екендігін атап өткен жөн. «Қазақстан темір жолы» АҚ Иранның Бандар-Аббас портында және елдің солтүстігі Инче-Бурун бекетінде жүк терминалдарын салуға қатысты бірнеше логистикалық жобалар бойынша үлкен жұмысқа кірісті. Бұл темір жол магистралі Қазақстан үшін Парсы шығанағындағы араб елдерімен, Африка, сондай-ақ оңтүстік, оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Иран мен Қазақстан арасында ынтымақтастық мәселелерінде Сирия бойынша келіссөздер үдерісін айта кеткен жөн. Иран Ислам Республикасының делегациясы жылдың басында Сирия бойынша келіссөздерге қатысу үшін Қазақстанға келген болатын. Келіссөздер ресми түрде басталмай тұрып, делегация өкілдері осы келіссөздерге қатысу үшін келген Ресей мен Түркия делегацияларының өкілдерімен жүздесті. Үш мемлекет өкілдерінің консультацияларының мақсаты – Астанада өтетін келіссөздердің барынша тиімді болуына қажетті шарттар қалыптастыру. Ресей, Түркия және Иран Ислам Республикасы өкілдерінің байқауымен өтетін келіссөздер 23-24 қаңтарда болып өтті. Сондай-ақ келіссөздердің мақсаты татулықты нығайту, терроризмге тиімді қарсы тұру және Сирия үкіметі мен оппозиция өкілдері арасында диалог орнату.

Келіссөз барысында Сирияда төрт қауіпсіз аймақ құру туралы келісім қабылданып, 6 мамыр күні күшіне енді. Иран, Ресей және Түркия мемлекеттері мұндай мәмілеге Астана процесінде қол жеткізген болатын. Ортақ келісім бойынша енді Сирияның Идлиб пен Хомс провинцияларының бірнеше ауданынан және Дамаск маңындағы Шығыс Гуте мен елдің оңтүстік бөлігінен қауіпсіз

аймақ болып саналады және бұл аудандарда кез келген қару түрін қолдануға тыйым салынады. Мәліметтерге қарағанда, қауіпсіз аймақ құрылған аудандардың шекарасына енді бақылау бекеттері қойылады. Оларды кепіл мемлекет Иран, Түркия, Ресей жауынгерлері өз бақылауына алады. Ресей президенті Владимир Путиннің айтуынша, қауіпсіз аймақтарда әскери ұшақтардың да ұшып-қонуына тыйым салынады.

Сирияға байланысты келіссөздердің Астанада басталуы Қазақстан мен Иран қатынастарының жаңа кезеңі деп қарастыруға болады. Екі жақты қатынастар осы келіссөздерге байланысты сапалы жаңа деңгейге көтерілді. Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы Сирия дағдарысына байланысты ұстанымы ортақ. Келіссөздерге Ресей, Иран, Түркия және Сирия мемлекеттерінің өкілдері де қатысты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осы аталған барлық мемлекеттермен тең достық қатынастарда болғандықтан, бізге ортақ келісімге келу тиімді екенін ерекше атап өтті (Jakubayeva, 2017: 68). Бұл Қазақстанның халықаралық беделін мойындағаны болып саналады деп толық пайымдауға болады.

Қазақстан мен Иран арасында қазіргі кезде қысқартылған виза тәртібі енгізілді. Екі мемлекет арасында әуе қатынастары тұрақты түрде орнатуға жоспарланып отыр. ҚР мен ИИР арасында іскери топтардың кеңесі тұрақты жұмыс істеуде. Соңғы жылдың өзінде екі мемлекет президенттері екі рет кездескен. Халықаралық қатынастарда бұл сирек кездесетін дипломатиялық оқиға. Иран мен Қазақстан арасындағы тауар алмасуы дәрежесі бүгінде 450 млн.долларға жетіп отыр. Қазақстан Иранға ет, астық өнімдерін, трансформаторларды, май және басқа да тауарларды экспорттайды. Иран мен Қазақстан арасында болашақта темір жол дәлізін өткізу жоспарлануда. Осы арқылы Иран тікелей Ресей нарығына жол ашып отыр. Иран Ислам Республикасы 2017 жылы Астана қаласында өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысты. Астана мен Тегеран балама энергия көздерін бірлесіп дамытуды көздеп отыр. Екіншіден, екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың дамуына соңғы жылдары қалыптасып отырған көліктік-транзиттік дәліздердің рөлі басым.

Қазақстан мен Иран аймақтық саясатта ИЫҰ арасындағы ынтымақтастыққа қол жеткізіп отыр. ИЫҰ-мен екі арадағы байланысты дамыту басқа мұсылман елдерімен қатынастарды одан ары нығайтуға, сыртқы саяси бастамаларды ілгерілету, ҚР экономикасына қаржы ресурстарын тарту, ислам әлемінің саяси, экономикалық және мәдени үдерістеріне қатысуға бағытталған. Ресми дипломатиялық байланыстар орнаған уақыттан бастап Қазақстанның аталған ұйымдар аясындағы және G-20-мен байланысты реттеу, ядролық қаруды таратпау бастамасын іске асыру, G-Global дамыту ұсыныстары Иран тарапынан қолдау тапты.

Екі ел арасында жылдар бойы қалыптасқан мәселелер де жоқ еместігі анықталды: мемлекетаралық деңгейде қабылданған шешімдерді іске асырудың тиімді механизмінің жоқтығы, Қазақстан мен ЭЫҰ елдерінің арасындағы ынтымақтастықтың әртүрлі деңгейлері, Қазақстанның жеткіліксіз деңгейде ЭЫҰ-ның көліктік-транзиттік әлеуетін пайдалануы сияқты бірқатар проблемалар бар. Бірақ бұл аймақтық интеграция үрдісінің ары қарай дамуына кедергі келтірмейді. Сонымен қоса, қазіргі уақытта Каспий аймағы маңызды қиындықтар мен елеулі мәселелердің пайда болуы шартында дамып жатыр. Экономикалық байланыс нығайып келе жатқанымен, саяси ынтымақтастық баяу дамуда (Леонова, 2014: 20).

Жалпы Иран мен қазақстан арасында қабылданған келісімдер қатарын екі ел арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісім толықтырды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Ал, 2016 жылы Қазақстан мен Иран өзара топтық туристік сапарларды жеңілдету туралы келісімге қол қойды. Құжат құрамында 5-тен 50-ге дейін адам бар туристік топтар үшін визалық режимді жеңілдетеді. Иран Президенті Хасан Руханидің Қазақстанға ресми сапарының қор қол

қойылған келісім қазақстандық және ирандық азаматтардың өзара топтың туристік сапарлары саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыруға құқықтық және ұйымдастырушылық негіз қалайды. Құжат құрамында 5-тен 50-ге дейін адам бар туристік топтар үшін визалық режимді жеңілдетеді. Виза топтағы бір адамға ғана беріледі. Екі елдің туристік билігі Қазақстан мен Иранға баратын туристік топтарды қалыптастыруға жауапты жергілікті туристік операторлардың тізімімен алмасады. Департамент директорының атап өтуінше, келісімге барынша қысқа мерзімде қол қойылған. Сондай-ақ, «Иран 80 млн. адам тұратын келешегі зор көрші нарық. Ел 30 жылдан астам уақыт бойы санкция құрсауында болды және қазіргі уақытта ішкі және сыртқы туризмді белсенді ілгерілетіп отырып, әлемге есігін айқара ашып отыр. Енді қол қойылған келісімді жүзеге асыру маңызды. Қазақстандық және ирандық туристік операторлар бұл бағытта белсенді өзара іс-қимылға барады» деген болатын.

Иранның Қазақстанмен өзара әрекеті, сыртқы саясатында еуроатлантикалық векторды жандандырудың соңғы ұмтылуымен шектеледі. Сонымен қатар, өзінің сыртқы саяси және сыртқы экономикалық белсенділігінің оңтүстік векторын дамыту мүмкіндігі ретінде Қазақстан, АҚШ-пен Иранның күрделі қарым-қатынасының кепілгері болып табылады.

ҚР жыл сайын SWAP сұлбасы бойынша Иран арқылы 1 млн тонна мұнай экспорттайды. Қазақстан-Түркіменстан-Иран мұнай құбырының және осы бағыт бойынша (Узень-Гызылгай-Берекет-Этрек-Горган) темір жолы байланысының құрылыс жобасын дайындау бойынша келіссөз жүргізілуде (Maltzahn, 2013: 58).

Иран елінің инвесторлары Қазақстанның экономикасына 1 млрд. доллардан астам қаржы құйған. Елордада Ислам республикасының ұлттық күніне арналған жиында елші Моджабба Дамирчилу осылай деп мәлімдеді. Бүгінге дейін Қазақстан Ирандағы алтын өндірісіне инвестиция құйып келсе, енді Иран еліміздегі тау-кен өнеркәсібін қаржыландырады. Сондай-ақ, 2015 жылмен салыстырғанда қос мемлекет арасындағы тауар айналымы 15 пайызға артқандығын көрсетіп отыр. 2016 жылы сауда-саттық 750 млн долларды құраған. Ресми мәліметке сәйкес, қазір Қазақстанда 160 бірлескен кәсіпорыны жұмыс істейді.

Алайда Қазақстан мен Иран арасында көптеген ортақ жобалар мен келісімдер болса да, қазіргі кезде халықаралық қатынастарда орын алып жатқан оқиғалар, екі ел қарым-қатынасын әсер етпей қоймайды. Атап айтқанда, соңғы кездері орын алған Иран мен АҚШ арасындағы қақтығыс (Көшкінбаев, 2017).

Осы жылдың 3 қаңтар күні АҚШ президенті Дональд Трамптың бұйрығымен Иракта, АҚШ «лаңкестік» деп таныған ұйым, ислам революциясын күзетуші «Кудс» ирандық корпусы бөлімшесінің басшысы генерал Касем Сулеймани өлтірілді. Осыған байланысты, Иранның ресми реакциясы – ирандық парламент АҚШ және Пентагонның барлық әскерлерін террористік деп таныды. 8 қаңтарда қорғаныс корпусы Ирактағы америкалық әуе базасына бірнеше зымыран шығарды. АҚШ пен Иранның қақтығысының эскалациясы аясында Иран генералы Касем Сулейманидің АҚШ-тың әуе соққысынан қаза тапқаннан кейін мұнай мен алтын бағасы өсуде.

Халықаралық аренада орын алған осы сияқты оқиғалар, АҚШ пен Иран арасындағы қақтығыс жалпы халықаралық қауымдастықты алаңдатпай қоймады. Осыған орай әлем, қақтығыс одан әрі жалғасатын болса, онсыз да тұрақсыз Таяу Шығысты одан әрі тұрақсыздандыруы мүмкін деген алаңдатушылықпен бақылауда. Қазақстан басшылығы жағдайдың шиеленісуіне алаңдаушылық білдіріп, барлық тараптарды «ұстамдылық танытуға» шақырды. Алайда бұның барлығы АҚШ және Иран билігінің қақтығыстың қай кезеңінде тоқтап, келісімге келу үшін бір үстелге отыруға дайын болуына байланысты.

2020 жылдың қаңтарында басталған бұл қақтығыс жайдан-жай ұшыққан жоқ. Америка Құрама Штаттары мен Иран арасындағы қақтығыстың орын алғанына 40 жыл толды. 1979 жылы Ирандағы Ислам революциясынан кейін Тегеранда АҚШ елшілігі басып алынып, американдық

